

## Зайсан қаласындағы 14-маусым атындағы көшенің атауын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 02 қарашадағы N 122 қаулысы, Зайсан аудандық мәслихатының 2010 жылғы 03 қарашадағы N 25-3/4 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зайсан аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 10 желтоқсанда N 5-11-125 тіркелді

**Р Қ А О** е с к е р т п е с і .

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағының 15)-тармақшасына, 31-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 12-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және аудан әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Зайсан қаласындағы «14-маусым» атындағы көшенің атауы «Шәмшіқұмар Мұқатаева» атындағы көше деп өзгертілсін.
2. Көшенің атауын өзгертуге байланысты тиісті ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу Зайсан қала әкіміне міндеттелсін.
3. Осы шешім және қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы Қ.Б. Чайқынов	
Аудандық мәслихат хатшысы Н.Қ. Бейсенов	Аудан әкімі С.З. Зайнулдин